DOI: 10.31833/978-5-91608-197-8-45

Қ.Ж. Нұрбай*

ОРТА ЖҮЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ШЕНДІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ: ҚАЗАНҒАП САТЫБАЛДЫҰЛЫ БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАНЫМАЛ ҰРПАҚТАРЫ [ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПЕРВЫХ КАЗАХСКИХ ЧИНОВНИКОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА: КАЗАНГАП САТЫБАЛДЫУЛЫ БИЙ И ЕГО ИЗВЕСТНЫЕ ПОТОМКИ]

Аннотация. В статье рассматривается деятельность первых казахских чиновников в Среднем Жузе после ликвидации здесь ханской власти по «Уставу о сибирских киргизах» 1822 г., на примере известного бия Казангапа Сатыбалдыулы, который до избрания его в 1843 г. старшим султаном Баянаульского окружного приказа являлся старшим бием рода Басентиин (*род Аргын Среднего Жуза*). Отмечается, что если первоначально главы внешних округов избирались из сословия чингизидов (*торе*), то впоследствии царская и сибирская администрации перешли к практике избрания на высокую должность старшего султана (*ага-султана*) родоуправителей-биев, которые по их замыслам должны были стать их политической опорой в Среднем Жузе после упразднения традиционной ханской власти. На основе устных и письменных источников отмечаются такие качества Казангапа Сатыбалдыулы бия, как мудрость и знание русского языка, честность, откровенность и особенно умение при необходимости идти на компромисс, благодаря которым он завоевал особое доверие и расположение чиновников сибирской администрации и лично западно-сибирского генерал-губернатора. Показана предпринимательская и благотворительная деятельность Казангапа Сатыбалдыулы бия.

Ключевые слова: Средний Жуз, казахские чиновники, бии, компромисс, династия.

Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында атап өткендей, «...көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, *тұлғаландыру* сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады»[1]. Бұл әсіресе тарихын ру-тайпадан бастайтын көшпелі қазақ халқы үшін төтенше маңызды. Тұлғаның қоғамда алатын орнын оның ру-тайпалық құрылысы, шежіре айғақтайды. Сондай-ақ, қазақтардың ата-бабаларының аруағына табынуы қоғамдық санада жеке тұлғаның тарихи бейнесін қалыптастырды. Сондықтан, ру-тайпалық негізде қалыптасқан көшпелі қазақ қауымында тұлғаның орны айрықша маңызды болды.

Тұлғаның болмысын зерттеу арқылы тұтастай бір ұлттың саяси, психологиялық, рухани-мәдени болмысы анықталады. Тұлға тарихқа өзгеріс әкеліп қана қоймай, сонымен бірге біздің санамызға да серпіліс, жаңа көзқарас, жаңа ой әкеледі, былайынша айтқанда санамызды жаңғыртады. Мысал ретінде айтсақ, ұлы бабаларымыздың біздерге мирас болып жеткен өсиет сөздері кеше ғана емес, бүгін де маңызы мен өзектілігін жоғалтпаған. XV ғасырдың жыршысы, Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жаныбек хандарды жақтаған ұлы ойшыл Асан Қайғының:

«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады

Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады», – деуі адамның ой санасы мен парасатының мәні қаншалықты маңызды екенін көрсетеді[2].

* ***НҰРБАЙ Қайырболат Жакенұлы*** *— доктор исторических наук; Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина; гуманитарный факультет; кафедра истории Казахстана; профессор; г. Нур-Султан, Республика Казахстан; kairbolat.nj@gmail.com.*

[1] Назарбаев Н.А. Ұлы Даланың жеті қыры. URL: http://www.akorda.kz › events › memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry (дата обращения: 12.10.2020).

[2] Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың дүниені көркем түсіну айшықтары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Қазақ ақын-жырауларының философиясы. Астана, 2008. 8 том. 17 б.

Көк түріктердің түсінігі бойынша «сөз» – құдіретті күшке ие болған киелі ұғым[1]. Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмабайдың

«Не көрсем де Алаш үшін көргенім

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім», – деп жырлаған өлең жолдарының астарында әрбір адам елі мен халқы үшін адал қызмет етуі керек деген үлкен мағына жатыр[2].

Сондықтан да, тұлға құбылысын зерттеп білу үшін төл тарихымызға тереңінен үңіліп қарағанымыз абзал. Өйткені «...көшпелінің түсінігінде... – адамның – тарихы да мәңгілік...»[3]. «Тарихи естелік уақытты кешеге, бүгінге және ертеңге бөледі, соның ішіндегі шынайысы – кешегісі», – деп әйгілі түріктанушы-ғалым Л. Гумилев жазған[4]. «Тіпті өліп қалса да, жадта сақталғандар – әлі тірілер», – депті ғалым[5]. Бүгінгі таңда өзектілігі жойылмаған әлеуметтік, рухани, адами құндылықтар, күллі рухани байлығымыз біздің тарихымызда жатыр.

Енді тарихқа шегініс жасап қарасақ, Абылай (*Әбілмәнсұр*) ханның ұлы Уәли ханның өлімінен кейін қазақ қоғамындағы ішкі қырқыстар мен алауыздықты сәтті пайдалана білген, ықпалды ру басылары – билерге арқа сүйеген патша өкіметі хан сайлауды қажетсіз деп тауып хандық билікті мүлдем жою керектігі туралы шешім қабылдайды[6]. Нәтижесінде, Қазақ даласын дүр сілкіндірген 1822 жылғы «Сібір қырғыздары (*қазақтары – авт.*) туралы Жарғы» Орта Жүзде дәстүрлі хандық билігін жойып қана қоймай, сонымен бірге казак әскерлерінің аталған аймақтың ішкі жерлеріне жаппай басып кіруі себеп болған қазақ халқының наразылығының тууына түрткі болды, Саржан мен Кенесары Қасымұлы бастаған, жиырма жылдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалысқа әкеліп соқтырды[7].

Міне, осы уақыттан бастап Орта Жүз қазақтары Ресей мемлекетінің бір бөлшегіне айналып, біртұтас ресейлік басқару жүйесі енгізілді. 1824 жылдан бастап Ертіс өзенінің ішкі бөлігінде (*сол жағалауында*) құрылған округтерді Сібір генерал-губернаторы тағайындайтын, қарамағында жеке кеңсесі, казактардан жасақталған әскері, мемлекеттік қызметкер деген лауазымы бар аға-сұлтандар басқарды. Алғашында олар ақсүйек тобына жататын төрелерден сайланса, кейін келе Сібір әкімшілігі қарасүйек тобынан шыққан ру басылары – билерге үміт артты.

Аға-сұлтандардың арасында елі мен жерін шын сүйетін, халқына адал қызмет ететін тұлғалар көп болды. Сондай мемлекет қайраткерлерінің бірі Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771–1856 жж.) болды. Ол қазақтың атақты батыры Малайсарының (*Абылай ханның жақын әрі сенімді серігі*) үзеңгілес досы Байдаулет батырдың шөбересі (*кейбір деректер бойынша – немересі*), Бәсентиін елінің (*Арғын тайпасы*) төбе биі, сауаттылығы мен абыройы үлкен саяси тұлға, руы бәсентиін ішінде бөрі (*Арғын–Бәсентиін–Бөрі*).

1843–1848 жылдар аралығында Қазанғап Сатыбалдыұлы Баянауыл округін басқарады. Алайда сонау 1820 жылдары Орта Жүз қазақтарының жерінде алғашқы округтер құрыла бастағанда Қазанғап Сатыбалдыұлы дербес Баянауыл округін құру үшін көп еңбек сіңіреді және өзінің қарамағындағы бәсентиіндерді ғана емес, «көрші Бура-

[1] Әбжанов Т., Нысанбаев Ә. Қазақ халқы ойлау мәдениетінің мифологиялық бастаулары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Астана, 2005. 1 том. 45 б.

[2] Нысанбаев Ә. Қазакстанның философиялық мұрасы және оның маңызы // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. Астана, 2009. 20 том. 315 б.

[3] Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Астана, 2005. 1 том. 96 б.

[4] Гумилев Л. Этногенез и биосфера Земли. М., 2004. С. 263.

[5] Там же. С. 266.

[6] Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. (1771–1867 гг.): Сб. док. и мат-лов. Алма-Ата, 1964. С. 182–183.

[7] Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты (ООММ). 366 қор. 1 тізбе. 164 іс. 3 парақ.

наймандарды да осы округке кіруге көндіреді»[1]. 1833 жылы Баянауыл округі ашылғаннан кейін «халыққа да, жоғарғы ұлықтарға да ықпалы күшті, шен-шекпен, сый-сияпатқа басқалардан бұрын ие болған Қазанғап... – аға-сұлтан болып сайланбаса да есесіне – 5 болыс Бәсентиін елінің көңілін аулау үшін Қазанғаптың ұлы Бердәліні қазы қып сайлайды»[2].

Қазанғап орыс тілін жақсы білетіндіктен «...Батыс-Сібір губернаторы мен Омбы облысының басшысы қазақ даласындағы істері бойынша алдымен осы қазекең арқылы байланысып отырған»[3]. «Мысалы, Қалқаман көлінен шығарылған тұзды түйелерге артып, Керекуге (*қазіргі Павлодар қаласы – авт.*) тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда Сібір үкіметіне үлкен қолғабыс тигізген. Жалпы, ол дала билері атынан орыс үкіметімен келіссөз жүргізіп, халқының игілігіне қажетті міндеттерді өз мойнына алыпты»[4].

Қазанғаптың аға-сұлтан қызметін атқарып жүргенінде жергілікті Омбы (*Омск*) әкімшілігінің алдында қазақтардың қамын ойлап мүддесін қорғағанын дәлейдейтін дерек келтірсек «...бәсентиіндер казак әскерлерінің үлесіндегі жерге мал жіберіп, 29 мың сотық жердің шөбіне зиян...» – келтіргендіктен казак әскерінің Коряковский, Выдрин сияқты өкілдері қазақтардан айып шығынын толық төлеуін талап еткен екен. Аталған «...жерді ертеде қоныстанған қазақтар екендігі... – анықталса да, – бұл әрекеттерді қылмыс етіп көрсету үшін, казак атамандары Ертіс бойына мал жайылдырған қазақтарды жоғары жаққа қаралап көрсетеді»[5]. Осындай «...жағдайда аға-сұлтан Қазанғап Омбыға барып, қазақтарды көп айып төлеуден құтқаруды ойлаған – және – Қазанғапты арқа тұтқан бәсентиіндер салық төлеуден мүлде... – бас тартқан көрінеді»[6].

Деректерге сүйене отырып, Қазанғап бабамыздың қазақ халқының мұң-мұқтажын патша өкіметіне жеткізіп, мүддесін қорғаудағы еңбегі орасан зор деп айта аламыз, өйткені ол өз заманында сауатты да парасатты саяси тұлғалардың бірі болған. Сондай-ақ, патша үкіметіне де билік басында екі жаққа да жағымды, ымырашыл, қоғамдағы беделі жоғары адамның болғаны қолайлы болды. Тарихшылардың пікірі бойынша «Баянауыл округіне аға-сұлтан болуы да белгілі дәрежеде Қазанғап бидің өз заманында өз халқына да, Ресейге де жағымды болғанының көрінісі»[7]. Орыс деректемелерінде Қазанғап Сатыбалдыұлының болмысын айқындайтын «парасатты, адал, шыншыл азамат» деген мәліметтер кездеседі[8].

Қазанғап Сатыбалдыұлының бойындағы парасаттылық, шынайылылық сияқты жағымды қасиеттерін, оны ымырашыл тұлға етіп көрсететін тағы бір мысал келтірейік. Есімі әлемге әйгілі Абай Құнанбайұлы ақынның әкесі, 1849–1852 жылдары Қарқаралы округінің аға-сұлтаны қызметін атқарған Құнанбай Өскенбайұлы Қазанғап Сатыбалдыұлының үйінде жиі тоқтап, сыйлы қонағы, сырлас жолдасы болған, оны ерекше құрметтеген[9]. Мәселен, «Құнанбай Бөжеймен арыздасып, ...Омбыға шақырылып, жолда Қазанғапқа сәлем бере кетейін деп келсе, палау бастырып шай береді». Құнанбай Қазанғапқа мұңын шағады, сонда Қазанғап:

«Тұман түбі – жұт,
Тұмау түбі – құрт,
Закон түбі – сот,
Соттың түбі – шорт, – деп – Бөжеймен алыспа, араздаспа, жеңсең өзіңді жеңесің,

[1] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. Павлодар, 2008. 43 б.
[2] Бұл да сонда. 43–44 б.
[3] Бұл да сонда. 43 б.
[4] Бұл да сонда.
[5] Бұл да сонда. 29–30 б.
[6] Бұл да сонда. 29 б.
[7] Бұл да сонда. 116 б.
[8] История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Алматы, 2006. Т. 8. Ч. 1. С. 190–191.
[9] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 44–46 б.

жеңілсең бойыңа мін-қарғыс таңба болады, – деп ағалық ақылын айтқан екен»[1].

Қазанғап Сатыбалдыұлының саяси қайраткер ғана емес, сонымен бірге мал шаруашылығы мен егін шаруашылығымен де айналысқан ірі кәсіпкер һәм халыққа жанашыр, демеуші болғанын тарихи деректер айғақтайды[2]. Мысалы, Қазанғап Сатыбалдыұлы 1843 жылы дуанбасы болған соң қызметін дуанға мешіт салдырудан бастаған екен және молда ғып Қазан қаласының татары Ғабдулғафар есімді азаматты тағайындаған. Осы молдамен бірге еріп келген Рамазан деген татар жігітін Қазанғап қолына ұстап, сауда-саттығын жүргізетін көмекші еткен. Рамазан өз қамқоршысының тапсырмасы бойынша бүкіл Сібірді, Ірбіт, басқа да ірі жәрмеңкелерді аралап, сауда-саттық жүргізді[3]. Қазанғап Сатыбалдыұлы бидің ұрпақтарының да Ертіс өңірінде ірі кәсіпкер-саудагер болғандары тарихқа әйгілі[4].

1856 жылы Қазанғап Сатыбалдыұлы қайтыс болғаннан кейін Рамазан Қызылжар (*қазіргі Петропавл қаласы*), Омбы қалаларынан күйдірілген қызыл кірпіштер мен ақ мәрмәр тастар алғызып, басына ақ күмбезді кесене тұрғызған. Кесене ішінде Қазанғап бидің еңбектері жөнінде ақ мәрмәр тастан жазылған қабірүсті ескерткіш орнатқан. Кеңес өкіметі кезінде Қазанғап би кесенесі бұзылып, кірпіштері ауылдағы фермаларға жұмсалған. Кейіннен Рамазанның немересі Абдулфаттах Рамазанов Павлодар қаласындағы академик Әлкей Марғұлан көшесінде Қазанғап биге арнап Ақ мешіт салғызған[5].

Қазанғап Сатыбалдыұлының шешендігі де Арқа (*Сарыарқа*) жұртының арасында кең тараған. Әйгілі ағартушы, шежіреші Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректеріне жүгінсек, сырым (*Бәсентиін ішіндегі ру*) Малайсары батыр Байдаулет сардарға айтқан екен: «Байеке, ...бата-құтыңды кімге тастадың», – деп[6]. Сонда Байдаулет батыр: «Менің құтым балам Сатыбалдының тұңғышында қалады, онда қалмаса мылтығымның ұңғысында қалады», – деген екен[7]. «Байдаулет батырдың айтқаны келіп, Сатыбалдының үлкені Қазанғапта қалған екен. Қазанғапты сұраған сол заманның адамдарынан мынадай сөз бар: «Шоң (*Шоң Едігеұлы – Баянауыл округінің тұңғыш аға-сұлтаны – авт.*) сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты су бетіне шығарады», – деген мағлұматтар бар[8]. Атақты Шөже ақын Ертіс бойындағы Бәсентиін елін аралап жүріп шығарған өлеңінде Қазанғап Сатыбалдыұлы туралы былай деген екен:

«...Тұсында Керекудің апай, бөрі
Жақсының күнде жиын жүрген жері
Жол бермей азулыға қарсы тұрған
Қазекең өткен екен кемеңгері»[9].

Танымал ақын Біржан сал Сара ақынмен айтысында...:

«Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан
Тұқымы дегдар шыққан жатынынан.
Полковник шен алады туған бала
Шырылдап түскеннен соң қатынынан», – деп, оны бүкіл Орта Жүз арғынның

[1] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 45–46 б.

[2] Среднее Прииртышье в источниках и материалах: Сб. док. и мат-лов (XVIII – начало XX вв.). Павлодар, 2008. Т. 1, 2. С. 208–209.

[3] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 150 б.

[4] Бұл да сонда. 131 б.; Среднее Прииртышье в источниках и материалах… С. 208–209.

[5] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 150–151 б.

[6] Бұл да сонда. 149 б.

[7] Бұл да сонда.

[8] Бұл да сонда.

[9] Бұл да сонда. 42, 152 б.

арысы ғып көрсетеді[1]. М.Ж. Көпейұлы ел аузынан жазып алған аңыз-әңгімелерінің бірінде «бөріден шыққан, атағы жер жарған Қазанғап» – деп оны сол қиын кезеңнің бір ғажап құбылысы ретінде көрсетеді[2].

Қазанғап Сатыбалдыұлының атақ-шені мен марапатталған белгі-сыйлықтары жөнінде айтар болсақ (*оның ұрпақтарына тиесілі сый-марапаттар жайында мағлұматты «Қазанғап би Сатыбалдыұлы» кітабынан қараңыз*) ол Сібір қазақтарының ішінде бірінші болып Санкт-Петербург қаласында ақ патшаның қабылдауында болған және сол жылы старшын шенін алған, жыл сайын 50 сом ақша алып тұратын болған. 1810 жылы капитан шенін алды, 1817 жылдан бастап штаб-офицер және сыйлыққа шекпен бас киімімен 500 сом ақшадай (*күміспен – авт.*) алған. 1825 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторының шекпенін иеленді, 1833 жылы майор атағын, 1838 жылы 300 сом күміс ақша, 1842 жылы Владимир лентасына тағылған алтын медальды, 1844 жылы алтынмен апталған күміс бокалды иеленді[3].

Біздің болжамымыз бойынша, Қазанғап Сатыбалдыұлының әйгілі атасы Байдаулет батыр Қайып хан елшілігінің құрамында (*Бекболат Екешев екеуі*) 1716 жылдың қыркүйегінде Тобылға келіп, «...Сібір губернаторы М. Гагаринмен «мәңгілік бітім» жасасу, Ресеймен Жоңғар хандығына қарсы әскери одақ құру туралы келісімге қол жеткізу және оларға сауда-саттық жолымен Тобылға баруға мүмкіндік беру үшін Ресейдің жақын жердегі рыноктарына қазақ малшыларының кедергісіз баруына кепілдік алу... – мәселелері бойынша келіссөздер жүргізген еді, – алайда Сібір губернаторы келіспеді»[4].

Қазанғап Сатыбалдыұлының танымал ұрпақтары жайлы айтсақ, оның баласы Бердәлі Қазанғапұлы (1802–1842 жж.) Бәсентиін болысының биі, Баянауыл округінің қазысы (1833–1837 жж.), 1840 жылы аға-сұлтанға үміткер, 1841–1842 жылдары Баянауыл округінің аға-сұлтаны қызметін атқарды[5].

Қазанғап Сатыбалдыұлының немересі Иса Бердәліұлы (*шамамен 1825–1899 жж., орыс деректемелерінде – Иса Бердалин*) ауылбасы, би болған, Алтыбай болысын басқарған[6]. «Иса мырзаның қайтыс болуына байланысты «Дала уәялатының газетінде» 1899 жылғы, 14 қарашадағы № 42 санында жарияланған мінақыпта мынадай жолдар бар: «Иса Бердәлі баласы қашан болса да халық пайдасын ойлаушы еді»[7]. Сондай-ақ, бірінші жалпыресейлік санақ комиссиясының құрамына орыс шенділерімен қатар, Семей облысының әскери губернаторының 1896 жылы 14 қазандағы арнайы жарлығымен бекітілген Алтыбай болысының басшысы, «құрметті қырғыз» деген атағы бар Иса Бердәліұлы сайланған[8].

Исаның баласы, Қазанғап бидің шөбересі Қабыш Исаұлы Бердәлі (*орыс деректемелерінде – Кабыш Бердалин*) есімі күллі Ертіс-Семей өңіріне әйгілі ақын, саясаткер және қоғам қайраткері, Павлодар уездік Алашорда кеңесінің төрағасы, Ахметолла Барлыбаевпен бірге Оренбург қаласында өткен II жалпықазақ құрылтайына қатысқан, ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының белді өкілі[9].

---

[1] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 42 б.

[2] Бұл да сонда. 103 б.

[3] История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Т. 8. Ч. 1. С. 190–191, 443.

[4] Қазақстан тарихы. Бес томдық. Алматы, 2010. 3 том. 111, 127 б.

[5] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 46–48, 151 б.

[6] Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ). 15 қор. 1 тізбе. 309 іс. 22, 42 парақ.

[7] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 49 б.

[8] Среднее Прииртышье в источниках и материалах… С. 198.

[9] Илиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917–1919). Тарихи талдау. Алматы, 1999. 116–176 б.; Шаяхметов Н. Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін. Алматы, 2001. 106 б.; ҚР ОММ. 14 қор. 3 тізбе. 5 іс. 1–2 парақ; Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ). 1466 қор. 1 тізбе. 1–2 іс. 70 парақ.

Мұрағат деректерінің мәліметтері бойынша Қабыш Бердалин (*азан шақырып қойған аты – Ғабділжапар*) 1867 жылы (*кей деректе 1873 ж.*[1]) сол кездегі Семей облысының Павлодар уезіне қарасты 8 ауылда дүниеге келген[2].

Кеңес өкіметі орнаған 1917 жылға дейін Қабыш Исаұлы Павлодар уезінің Қараоба болысын басқара отырумен қатар болыстық биге сайланып, би-ақсақалдар сотына төрағалық жасаған. Қариялардың айтуына қарағанда, ол өте білімді адам болған, ағартушылық және діни сауаттылықты қатар меңгеріп, бірнеше тіл білген[3]. Қоғам қайраткері Шора Қамзиннің (*КСРО-ның батыры Қанаш Қамзиннің інісі*) айтуынша, «Қабыштың өз бойында шонжарлық, тәкаппарлық мінез болмаған, ол көпшіл, ойшыл, жастарға тәрбие және өнер үйретуді көп қарастырған адам деседі. Жолдастыққа берік, өнерлі-ұста, шебер, етікші, сауатты, әнші мен күйшілерді жанына көп жинағанына жеткілікті дәлелдер бар»[4].

«Қалың елім, қазағым» деп, ұлтжандылықты жүрегіне ұялата білген Қабыш Исаұлының саяси сауаттылығымен қатар оның ақындық өнерін қаламынан туындаған өлең-жырлары дәлелдей түседі. Атап айтсақ, «Шүкірлік», «Ғабділманап (*Манап*) інісіне жоқтауы», «Мәкпуза бәйбішесіне арналған жоқтауы», «Қара ат», «Иманқұл (*Бозғозы найман*) досына арналған өлеңі», «Кәмпескеге арналған өлеңі», «Адасқанда» поэмасы. Кейбір мәліметтер бойынша Алаш азаматының араб тілінде жазылған өлеңдер қолжазбасы Ұлттық Ғылым Академияның ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар және сирек кітаптар бөлімінде «Молла Мұқан» деген лақап атпен сақтаулы[5]. Осыған байланысты, Шора Қамзиннің баспасөз беттерінде айтқан пікірін келтіруді жөн санадық: «1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Боздағым» атты жинақта «Молла Мұқанның інісін жоқтауы» деген шығарманы оқып қайран қалдық. Себебі бұл жоқтауды шығарушы молла Мұқан емес, ақын Қабыш Исаұлы», – деп жазған екен[6].

Деректерге жүгінсек, «Апай-бөрі» жерінде, кейінде Ақсу ауданында, Керекуде ол (*Қабыш Исаұлы – авт.*) әнші болып танылған, 1936–1937 жылдары Алматыда болған әншілер жиынына қатысқан Әбдіғазиз Алтайұлы (*1967 жылы 80 жастан асып, дүниеден қайтты*) жас кезінде Қабыштың әнші-қосшысы болып, ел аралап, жиын, той, бәйгеге қатысқан уақыттарын ерекше әңгіме ететін де соған қосып ол кісінің шығарған өлеңдерін әнмен орындағанын талай рет тыңдап едім», – деп еске алатын Шора Қамзин ақсақал[7]. Сонымен қатар, ол кісі «Естайдың (*белгілі ақын Естай Беркімбаев – авт.*) ақын, әнші қабілеті барын Қабыш түсіне біліп оған өзінің ақындық және композиторлық әсерін тигізген, Қабыштың көп өлеңдері ел аузында өз әнімен айтылады, ал соңғы кездерде ол кісінің әндерін кейбір ақындар айтысында және термешілердің пайдаланып жүргені байқалады», – деп жазған екен[8].

Қабыш Исаұлы елдегі діни мәселеге ден көңіл бөліп, қызу қатысып отырған. Атап айтқанда, беделді және діни көзқарасы бар азамат ретінде Орталық мұсылман діни Басқармасының Павлодар аймағындағы өкілі Бүкілресейлік мұсылмандар құрылтайына қатысты[9]. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының қорында Қабыш Исаұлының тұлғалық болмысын айқындайтын «текті әулеттен шыққан, беделі жоғары болған азамат» –

---

[1] Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының қалалық бөлімі (ПОММ ҚБ). 11 қор. 1 тізбе. 12 іс. 181–182 парақ.

[2] Қамзин Ш. Уақыт озғанмен, асыл тозбайды // Қызыл ту. 1989 жыл. 23 наурыз.

[3] Бұл да сонда; Жұмаш А. «Қабышым Керекуді қарына ілген» // Сарыарқа самалы. 1996 жыл. 29 қазан.

[4] Қамзин Ш. Уақыт озғанмен, асыл тозбайды // Қызыл ту. 1989 жыл. 23 наурыз.

[5] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 117–118 б.

[6] Қамзин Ш. Исаның Қабышы // Дауа. 1992 жыл. Наурыз.

[7] Қамзин Ш. Уақыт озғанмен, асыл тозбайды // Қызыл ту. 1989 жыл. 23 наурыз.

[8] Бұл да сонда.

[9] ПОММ ҚБ. 11 қор. 1 тізбе. 12 іс. 181–182 парақ.

деген құнды дерек сақталған[1].

Қазақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты маңызды және қандай да даулы мәселелерді шешуде халықтың атынан делдалдық қызметті де атқарып отырды, мәселен Қабыш Исаұлы Павлодар болысы, 3 ауыл тұрғындарының атынан қыстау маңындағы жер телімдерін Қырғыз тау-өнеркәсіп акционерлік қоғамның иелігіне жалға беру туралы келісім-шарт жасап халықтың игілігі үшін қызмет еткен екен[2].

Қабыш Бердалиннің саяси қызметіне қатысты айтсақ, өз заманында «Алаш» либералды-демократиялық партиясының аймақтағы төрағасы болған ол «Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен сыйлас, сырлас адам болған»[3].

1917 жылдың желтоқсан айында өткен II жалпы қазақ құрылтайынан кейін облыстар мен уездерде Алашорданың жергілікті ұйымдары – Алашорда кеңестері құрылды. Семей облысының Павлодар уезінде Алашорда Кеңесі большевиктердің ықпалы күшті болғандықтан. өзге уездік Кеңестерге қарағанда кеш құрылды[4]. Сол себепті, 1918 жылдың 15 ақпанында Қабыш Бердалиннің төрағалығымен өткен Павлодар уезінің алғашқы қазақ құрылтайы большевиктер қыспағында өтті. Құрылтайда ұлттық қаржы қорын қалыптастыру мәселесі қарастырылды. Оның жұмысына Алаш қайраткерлері Тұрағұл Құнанбаев пен Міржақып Дулатов қатысып, жиналған қауым алдында сөз сөйледі. Алаш азаматтарының ұлттық қаржы қорын құру жөніндегі шақыру үндеуге жауап ретінде қала халқы 21 939 сом жинап, бұл шара өз жалғасын табатынына сенім білдірді. Сонымен қатар, қаланың татар тұрғындары да өзіндік үлес қосу мақсатында қорға 8500 сом өткізген[5].

Павлодар уезінің II қазақ құрылтайы қалада кеңес билігі құлаған тұста, яғни 1918 жылдың 13–16 маусым аралығында өткен болатын. Құрылтай қорытындысының маңыздылығы жоғары болды, себебі ресми түрде Павлодар уездік Алашорда Кеңесі құрылып, төрағалыққа Қабыш Бердалин, төраға орынбасары болып Ахметолла Барлыбаев сайланды[6].

Қабыш Бердалин жетекшілігіндегі Алашорданың уездік Кеңесі Қазақ мемлекетінің негізін қалыптастыруда айтарлықтай жұмыс жүргізді. Атап айтар болсақ, уездік Алашорда Кеңесінің басшылығымен Павлодар уезінде большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін 150 жігіттен құралған «Алаш» әскері құрылды, сондай-ақ осы мақсатта ақшалай және мал есебінде қаражат жинақталды[7]. Кеңес өкіметіне қарсы күресті Қабыш Бердалин Алашорда құлағаннан кейін де, атап айтқанда 1922 жылы Павлодар уезіндегі шаруалар көтерілісі кезінде жалғастырған, алайда көп ұзамай большевиктердің түпкілікті жеңіске жеткендері белгілі[8].

Қабыш Бердалиннің қоғамдық-саяси қызметінің және беделі жоғары болғанын дәлелдейтін тағы да тарихи дерек келтірсек, 1919 жылдың 7 шілдесінде құрамында Райымжан Марсеков (*Семей облыстық Қазақ комитетінің төрағасы*), Қабыш Бердалин (*Павлодар уездік Алашорда Кеңесінің төрағасы*) және Тұрағұл Құнанбаев (*Семей облыстық Земство мүшесі*) бар Семей облыстық Земство өкілдігін Уақытша Сібір өкіметі Министрлер Кеңесінің төрағасы П. Вологодский қабылдайды. Қазақтың сот ісі, қазақ жерлерінің әкімшілік құрылымы, жер қатынасын реттеу сынды мәселелерімен келіссөз

---

[1] ПОММ ҚБ. 11 қор. 1 тізбе. 12 іс. 181–182 парақ.

[2] ҚР ОММ. 15 қор. 1 тізбе. 1605 іс. 3–5 парақ.

[3] Жұмаш А. «Қабышым Керекуді қарына ілген» // Сарыарқа самалы. 1996 жыл. 29 қазан; Болтина В.Д. Личные архивы // Звезда Прииртышья. 1998. 8 авг.

[4] Илиясова К.М. Қазақ съездері… 119–176 б.; Шаяхметов Н. Ел бүгіншіл... 106 б.

[5] Илиясова К.М. Қазақ съездері… 115–116 б.

[6] ПОММ. 1466 қор. 1 тізбе. 1–2 іс. 12 парақ; ҚР ОММ. 14 қор. 3 тізбе. 5 іс. 1, 2 парақ.

[7] ПОММ ҚБ. 11 қор. 1 тізбе. 12 іс. 181–182 парақ; Шаяхметов Н. Ел бүгіншіл... 106 б.

[8] ПОММ ҚБ. 11 қор. 1 тізбе. 12 іс. 181–182 парақ.

жүргізген топ мүшелері қазақ зиялыларын қудалауды тоқтату қажеттілігін де назардан тыс қалдырмаған[1].

Кеңес өкіметінің идеологиялық танымын қабылдамаған Алаш азаматтарының кейінгі тағдыры тарс үзілсе, Қабыш Бердалин өмірінің қайғылы кезеңі де большевиктік билікпен байланысты болды. 1928 жылдың 27 тамыздағы Қазақ орталық атқару комитеті қаулысының 1-ші және 5-ші бабтар негізіне сәйкес Павлодар округінің атқару комитетінің алқасы 1928 жылғы 18 қазанда Қабыш Бердалиннің мал-мүлкін тәркілеп, жанұясын Ақтөбе округіне жер аудару жөнінде шешім қабылдайды[2].

1934 жылдың 7 қаңтарында тыңшылардың жеткізуі барысында асыл азаматты ОГПУ ұйымдары тұтқындап, біраз уақыт Омбыдағы (*Омск қаласы*) қалалық түрмеде ұстайды. Осы жылдың 15 наурызында Батыс-Сібір өлкесінің ОГПУ «ерекше үштігінің» қаулысы негізінде РКФСР ҚІ-нің 58-10-11 бабы бойынша революцияға қарсы қызметке қатысы бар деген айыппен 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Жазаны өтеу үшін ОГПУ Сібір лагерінің Юрга лагеріне жөнелтіледі. Толық емес мәліметтер бойынша, Қабыш Исаұлы Бердалин 1934 жылдың 3 маусымынан Сібір лагерінің Суслов бөлімінде, ал 1935 жылдың 1 қаңтарынан Сібір лагерінің Тайга бөлімінде қамалынып, 1935 жылдың 9 сәуірінде сонда қайтыс болады (*қазіргі Кемеров облысының Тайга теміржол бекеті, 1943 жылға дейін Новосибирск облысына қараған*). 1996 жылғы 18 маусымдағы Сібір әскери округінің әскери сотының № 1 360 анықтамасы Қабыш Исаұлы Бердалинді толықтай ақтап, оның негізсіз сотталуы «үштіктің» айыбы екенін айғақтап берді[3].

Мақаланы қорытындылай келе айтарымыз, өкінішке орай Қазанғап Сатыбалдыұлы мен оның ұрпақтарының есімдері ел-жұртқа беймәлім және өмірбаяндары мен қоғамдық-саяси қызметтері жайлы мәлімет аз. Сол себепті, олар жайлы дерек көздерді табу, тарихи тұлғасын зерттеу – жақын маңдағы міндеттің бірі болу керек. Сондай-ақ, бүгінгі таңда жастарды рухани құндылықтарға бай ұлы бабаларымыздың өсиеттерін құрметтеп тәрбиелеудің маңызы зор. Өйткені, ұлы түрік ойшылы Йолық тегін ескертіп кеткендей ұлттық болмысынан, бабалар өсиет еткен жолдан ажырамаған ұрпаққа өзге мәдениеттің шексіз ықпалында қалудың қауіпі аз[4].

Деректер мен әдебиеттер

1. Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. Алматы: Таймас, 2013. 383 с.
2. Әбжанов Т., Нысанбаев Ә. Қазақ халқы ойлау мәдениетінің мифологиялық бастаулары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Астана: Аударма, 2005. 1 том. 496 б.
3. Гумилев Л. Этногенез и биосфера Земли. М.: Айрис Пресс, 2004. 560 с.
4. Жұмаш А. «Қабышым Керекуді қарына ілген» // Сарыарқа самалы. 1996 жыл. 29 қазан.
5. Илиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917–1919). Тарихи талдау. Алматы, 1999. 176 б.
6. История Казахстана в русских источниках XVI–XX вв. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. Т. 8. Ч. 1. 716 с.
7. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. (1771–1867 гг.): Сб. док. и мат-лов. Алма-Ата: Наука, 1964. 575 с.
8. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Астана: Аударма, 2005. 1 том. 496 б.

[1] Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. Алматы, 2013. С. 275; Шаяхметов Н. Ел бүгіншіл… 119 б.

[2] ПОММ ҚБ. 11 қор. 1 тізбе. 12 іс. 181–182 парақ.

[3] Қазанғап би Сатыбалдыұлы. 127 б.

[4] Қасымжанов А. Дала кеңістігі // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. Алматы, 2009. 20 том. 214, 231 б.

9. Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың дүниені көркем түсіну айшықтары // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Қазақ ақын-жыраларының философиясы. Астана: Аударма, 2008. 8 том. 512 б.
10. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ).
11. Қазақстан тарихы. Бес томдық. Алматы: Атамұра, 2010. 3 том. 765 б.
12. Қазанғап би Сатыбалдыұлы. Павлодар: Кереку, 2008. 173 б.
13. Қамзин Ш. Исаның Қабышы // Дауа. 1992 жыл. Наурыз.
14. Қамзин Ш. Уақыт озғанмен, асыл тозбайды // Қызыл ту. 1989 жыл. 23 наурыз.
15. Қасымжанов А. Дала кеңістігі // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. Алматы: Жазушы, 2009. 20 том. 544 б.
16. Назарбаев Н.А. Ұлы Даланың жеті қыры. URL: http://www.akorda.kz › events › memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry (дата обращения: 12.10.2020).
17. Нысанбаев Ә. Қазақстанның философиялық мұрасы және оның маңызы // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. Қазіргі түркі философиясы. Астана: Жазушы, 2009. 20 том. 544 б.
18. Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты (ООММ).
19. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты (ПОММ).
20. Павлодар облысының мемлекеттік мұрағатының қалалық бөлімі (ПОММ ҚБ).
21. Среднее Прииртышье в источниках и материалах: Сб. док. и мат-лов (XVIII – начало XX вв.). Павлодар: Кереку, 2008. Т. 1, 2. 220 с.
22. Шаяхметов Н. Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін. Алматы: АМУ, 2001. 295 б.